«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына **сәйкес** (бағытын көрсету) келеді.	6D030100–Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы орындаған диссертациясы Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуға, сот билігінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми ізденіс ретінде қазіргі таңдағы ғылымды дамытудың басым бағыттарына **толық сәйкес келеді**. Аталған тақырып Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасында көзделген соттардың заңдарды біркелкі қолдануы елде бірыңғай әрі тұрақты құқықтық режимді сақтауға, құқықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатқа сай келеді. Сонымен қатар, ҚР Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының мақсаттарына **сәйкес келеді**.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ҚР Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты, олардың құқық жүйесіндегі орны мен рөлі, сондай-ақ құқық

			қолдану тәжірибесіне әсері терең талданып, олардың қолданылуы мен құқық жүйесіндегі орнына қатысты теориялық және практикалық аспектілер жан-жақты қарастырылып, ұлттық құқық жүйесінің дамуына ықпал ететін бірқатар ғылыми ұсыныстар мен тұжырымдар берілген. Диссертациялық жұмыс ғылыми айналымға тың тұжырымдар енгізіп, құқық теориясы мен сот практикасы арасындағы байланысты нығайтатын еңбек ретінде заң ғылымына **елеулі үлесін қосады**. Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы **ашылған**, ал ондағы ұсыныстар заңнаманы жетілдіру мен құқық қолдану тәжірибесін оңтайландыруда қолдануға әбден лайық.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға сай өзі жазу деңгейі **жоғары** орындалған, авторлық зерттеудің нәтижесі болып табылады. Автор тақырыпты жан-жақты меңгеріп, құқықтық дереккөздер мен сот практикасын талдау арқылы өзіндік тұжырымдар мен ғылыми қорытындылар ұсынған. Жұмыстағы дәйексөздер мен сілтемелер ғылыми әдеп нормаларына сәйкес рәсімделген. Бұл диссертация ғылыми ізденістің нәтижесі ретінде зерттеушінің өз қолымен жазылғанын және жоғары дәрежеде академиялық адалдық сақталғанын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқық қолдану процесінде ерекше рөл атқарады, олардың құқықтық табиғаты, қолданыстағы құқық жүйесіндегі орны мен күші әлі де болса ғылыми тұрғыдан толық және бірізді зерттеуді қажет етеді. Сот практикасын жүйелеу мен құқық нормаларын нақтылау міндетін атқаратын нормативтік қаулылардың құқық көзі ретінде қарастырылуы – тек теориялық қана

			емес, сонымен қатар практикалық маңызы зор мәселе. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзінің өзектілігімен, ғылыми және тәжірибелік мәнімен ерекшеленеді және Қазақстанның құқықтық жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми ізденістер қатарында маңызды орын алады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен **негізделген**.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Зерттеу тақырыбының мазмұны мен оның жоспары өзара үйлесімділігімен ерекшеленеді. Диссертацияны талдау барысында зерттеудің мазмұны тақырыпты жан-жақты әрі нақты **айқындайды**. Жұмыс өзара тығыз байланысты үш негізгі бөлімге бөлінген. Әр бөлім зерттеу мақсаты мен міндеттерін ашуға бағытталған және біртұтас ғылыми құрылымды танытады.
		1) **айқындайды**;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен қойылған ғылыми міндеттері таңдалған тақырыпқа толық **сәйкес келеді**. Автор зерттеу барысында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын, олардың қолданыстағы құқық жүйесіндегі орнын ашуға бағытталған нақты мақсат қойып, оны жүзеге асыру үшін дәйекті міндеттер жүйесін ұсынған. Бұл диссертацияның ғылыми мазмұны мен құрылымының өзара үйлесімділігін және зерттеудің бағыт-бағдарының дұрыс таңдалғанын көрсетеді.
		1) **сәйкес келеді**;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық **толық байланысқан**. Әр бөлім алдыңғы бөлімнің жалғасы ретінде дамып, зерттеу мақсатына жүйелі түрде жетуге бағытталған. Мұндай құрылым жұмыстың тұтастығын сақтап, ғылыми дәлдік пен қисындылықты қамтамасыз етеді.
		1) **толық байланысқан**;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа ғылыми тұжырымдар, қағидаттар мен әдістер тиісті дәрежеде негізделіп, ғылыми дәлелдермен бекітілген, **сыни талдау бар**. Зерттеу барысында бұрыннан белгілі көзқарастармен салыстыру жүргізіліп, олар сын тұрғысынан талданып, авторлық ұстаныммен салыстыра отырып бағаланған. Мұндай тәсіл зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығын, теориялық маңызын және практикалық құндылығын арттыра түседі.
		1) **сыни талдау бар**;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдалған ережелердің **толығымен жаңа** екендігі байқалады. Автор Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын құқықтың дербес қайнар көзі ретінде қарастырып, олардың құқық жүйесіндегі орны мен маңызын қайта пайымдаған. Ұсынылған ғылыми ережелер мен қорытындылар теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті, әрі бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда жаңа көзқарас ұсынады. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалық дәрежесін көрсетеді.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар **толығымен жаңа** және зерттеу барысында алынған нәтижелерге негізделген. Автор Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын, олардың қолданыстағы құқық жүйесіндегі орнын қайта қарап, бұл институттың ұлттық құқық жүйесіндегі рөлін жаңаша пайымдаған. Қорытындылар бұрынғы ғылыми көзқарастармен салыстырылып, сыни тұрғыдан талданған, бұл олардың өзектілігі мен жаңалығын дәлелдейді.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыста техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тікелей қарастырылмағанымен, құқықтық реттеуге және сот

		1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	жүйесінің қызметін ұйымдастыруға қатысты бірқатар негізделген басқарушылық ұсыныстар берілген. Бұл ұсыныстардың практикалық маңызы жоғары, **толығымен жаңа**, олар сот тәжірибесінің тиімділігін арттыру мен құқық қолдану бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық негізгі қорытындылар жеткілікті ғылыми дәлелдемелермен **негізделген**. Автор зерттеу барысында теориялық көзқарастар мен нормативтік материалдарды, сондай-ақ сот практикасын кең көлемде талдап, тұжырымдарын дәйекті түрде қорғаған. Бұл ғылыми нәтижелердің сенімділігін және тұтастай зерттеу жұмысының сапасын арттырады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ;	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: 1. Автор диссертациялық зерттеу барысында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық мәртебесін нақтылап, олардың қолдану аясын айқындау арқылы бұл ұғымға өзіндік ғылыми анықтама ұсынған. Бұл тұжырым сот практикасы мен құқық теориясының түйіскен тұсында жаңа көзқарас қалыптастырып, отандық заң ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. **7.1 Ереже дәлелденді ме?** **1) дәлелденді** - Автор Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының құқықтық мәртебесін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дәйекті негіздеп, олардың құқық жүйесіндегі орнын нақтылап көрсеткен. **7.2 Тривиалды ма?** 2) жоқ **7.3 Жаңа ма?** **1) ия** - Автор Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларына нақты құқықтық анықтама беріп, оны алғаш рет толық

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	құрылымдық сипатта ұсынған. **7.4 Қолдану деңгейі:** **3) кең** - Бұл ереже сот тәжірибесін жетілдіру, құқықты түсіндіру және қолдану салаларында кеңінен қолданыла алады. **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **1) ия** - Автор бұл мәселені ғылыми мақалаларында жан-жақты көтеріп, нормативтік қаулылардың мәнін негіздеген: Alaidarov A.-A., Agdarbekov T., Nakipov B., Alaidar A., & Abushakhma N. (2020). Judiciary and Its Role in Improving and Developing National Legislation. Academy of Strategic Management Journal, 19(4). https://www.abacademies.org/articles/judiciary-and-its-role-in-improving-and-developing-national-legislation-10220.html 2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқықтың ерекше қайнар көзі ретінде қарастырылып, олардың құқықтық жүйедегі орны мен маңыздылығы нақты тұжырымдалған. Нормативтік қаулылардың заңнаманы ресми түсіндірудің бірден-бір құралы екендігі және сот тәжірибесінің біркелкі қолданылуын қамтамасыз ететін маңызды актілер ретінде құқық қолдану практикасына тигізетін ықпалы ғылыми тұрғыда негізделген. **7.1 Ереже дәлелденді ме?** **1) дәлелденді** - Автор нормативтік қаулылардың құқықтық жүйедегі орны мен міндетті күшін Конституция мен сот практикасына сілтеме жасап, ғылыми тұрғыдан негіздеген. **7.2 Тривиалды ма?** **2) жоқ**

			7.3 Жаңа ма? **1) ия -** Қазақстандық құқықтануда нормативтік қаулылардың құқықтың қайнар көзі ретіндегі мәртебесіне мұндай нақты және жүйелі баға алғаш рет беріліп отыр. **7.4 Қолдану деңгейі:** **3) кең -** Ереже барлық сот органдарына және құқық қолдану тәжірибесіне қатысты болғандықтан, оның қолдану аясы кең. **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **1) ия -** Ереже автордың ғылыми жарияланымдарында қозғалып, нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты мен мәртебесі дәйекті түрде талданған: Алайдаров А.Ә., Пошанов Н.Н., Паридинова А.Е., Иманбекова М.М., Айдарбекова К.Ж. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы, Том 113 № 1 (2025) - 23 б. 3. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын талдау нәтижесінде олар заңнамалық нормаларды нақтылайтын, түсіндіретін және сот құқықтық шығармашылығының маңызды өнімдерінің бірі ретінде заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ерекше түрі екені айқындалды. Осыған байланысты, «Құқықтық актілер туралы» Заңына өзгерістер енгізу арқылы оларды құқықтық актілер иерархиясында нақты орны бар акт ретінде тану ұсынылған. **7.1 Ереже дәлелденді ме?** **1) дәлелденді -** Автор Жоғарғы Сот қаулыларының құқықтық табиғатын теориялық және практикалық

			негіздермен дәлелдеп, олардың НҚА ретіндегі ерекшеліктерін нақты көрсеткен. Салыстырмалы құқықтық талдау жүргізілген. **7.2 Тривиалды ма?** 2) жоқ **7.3 Жаңа ма?** **1) ия -** Нормативтік қаулыларды заңға тәуелді актілер ретінде жүйелеу және заңдастырып бекіту туралы ұсыныс бұрын ғылымда жүйелі түрде көтерілмеген. **7.4 Қолдану деңгейі:** **3) кең -** Ереже заң шығару, сот тәжірибесі және құқықты қолдану салаларына тікелей әсер етуі мүмкін. **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **1) ия -** Бұл идея автордың мақалаларында көтерілген және ғылыми түрде талданып, нақты ұсыныс түрінде берілген: Ағдарбеков Т., Алайдаров А.Э. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының заңдық сипаты және олардың сот төрелігін жүзеге асырудағы тимділік рөлі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Заң сериясы. - Астана. - 2018. - №5 (65). - 17-20 б.б. 4. Зерттеуде Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының заңнамамен байланысын нақтылау қажеттігі анықталып, Парламент заңдары мен Жоғарғы Сот қаулылары арасындағы ықтимал қайшылықтарды жоюға бағытталған бірқатар нормативтік ережелер ұсынылды. **7.1 Ереже дәлелденді ме?** **1) дәлелденді -** Автор нақты мысалдар келтіріп, Жоғарғы Сот қаулыларының кей жағдайда заң

			нормаларынан асып кететінін көрсетіп, бұл мәселеге теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеме ұсынған. **7.2 Тривиалды ма?** 2) жоқ **7.3 Жаңа ма?** **1) ия** - Конституциялық Сотпен келісу механизмі мен Парламентпен заң шығару процесін үйлестіру туралы ұсыныстар алғаш рет жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізілген. **7.4 Қолдану деңгейі:** **3) кең** - Ұсыныс мемлекеттік билік тармақтарының өзара іс-қимылына және нормативтік реттеу жүйесіне кең әсер етуі мүмкін. **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **1) ия** - бұл ұсыныстарды өз ғылыми мақалаларында негіздеп, нақты мысалдармен толықтырған: Накипов Б., Алайдаров А.Ә. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз ету // ҚР Конституция күніне арналған «Конституция құқық үстемдігінің, азаматтық қоғам мен заманауи мемлекеттің құндылықтарын іске асыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана. – 2018, 28-29 тамыз. – 283-290 бб. 5. Зерттеуде соттардың құқық қолдану саласында Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының ашықтығын қамтамасыз ету маңыздылығы ұсынылды. **7.1 Ереже дәлелденді ме?** **1) дәлелденді** - Автор сот практикасының қолжетімділігін арттыру қажеттілігін нақты көрсетіп,

			оның құқықтық салдарға әсерін негіздеген. **7.2 Тривиалды ма?** 2) жоқ **7.3 Жаңа ма?** **1) ия -** Қазақстанда Жоғарғы Сот қаулыларын түсіндіру мен жариялау тетіктерін жетілдіру туралы нақты ұсыныстар ғылыми еңбектерде сирек кездеседі. **7.4 Қолдану деңгейі:** **3) кең -** Бұл ұсыныстар мемлекеттік органдардың, соттардың, халықтың құқықтық сауаттылығына да қатысты, яғни кең қолданылуы мүмкін. **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **1) ия -** жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Алайдаров А.Ә., Әлайдар А.Ә Шет елдерінің құқық жүйелерінде сот процеденті мәселелерінің салыстырмалы құқықтық талдауы // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Заң сериясы. – Алматы. – 2019. - №10/2. – 31 – 38 б.б. 6. Құқықтық тұрақтылықты сақтау мақсатында, жоғарғы сот қаулыларын үнемі өзгертпей, тек қажеттілігі дәлелденген жағдайда ғана жаңарту қажеттігі жөнінде тұжырым жасаған. **7.1 Ереже дәлелденді ме?** **1) дәлелденді -** Автор тұрақсыз құқықтық орта кәсіпкерлікке және құқықтық қатынастарға теріс әсер ететінін дәйекті түрде көрсетті. **7.2 Тривиалды ма?** 2) жоқ **7.3 Жаңа ма?** **1) ия -** Нормативтік қаулылардың жаңартылуына сараптамалық талдау енгізу және бірыңғай стандарт

			қалыптастыру туралы ұсыныс – бұрын ғылыми айналымда кең қарастырылмаған тың идея. **7.4 Қолдану деңгейі:** **3) кең -** Ұсыныс бүкіл сот жүйесіне, мемлекеттік басқару мен кәсіпкерлік саласына тікелей қатысты – қолдану ауқымы кең. **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **1) ия -** жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Alaidarov A., Agdarbekov T., Nakipov B. Judicial law making mechanisms as a source of law // «Ad Alta – Journal of Interdisciplinary Research» (Czech Republic), ISSN 1804-7809. – 2019. -V.9. -Iss.1.-P.96-101. – Special Issue: 7.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіснамалық тәсілдер нақты әрі негізделген. Автор жалпы ғылыми және арнайы құқықтық зерттеу әдістерін (талдау, салыстырмалы, тарихи, жүйелі-құрылымдық, формалды-заңдық, логикалық, интерпретациялық және т.б.) орынды қолдана отырып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әдіснаманы дұрыс таңдаған. Бұл ғылыми нәтижелердің сапасына және зерттеу тұжырымдарының дәйектілігіне оң әсер еткен.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін, соның ішінде деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Автор зерттеу барысында компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланып, талдамалық материалдарды жүйелеу мен салыстырмалы талдау жүргізуде қазіргі ғылыми талаптарға сай әдістерге жүгінген. Бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырып, жұмыстың жалпы ғылыми деңгейін көтереді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар жүйелі түрде талданып, тиісті ғылыми әдістермен дәлелденген. Зерттеу негізінен теориялық-құқықтық сипатта болғанымен, автор алынған нәтижелерді нақты нормативтік материалдар мен сот практикасы негізінде негіздеп, оларды ғылыми тұрғыда растаған. Бұл теориялық тұжырымдардың сенімділігі мен қолданбалы маңызын арттырады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілер мен ресми дереккөздерге сілтемелер арқылы **расталған**. Бұл автордың зерттеу материалдарын жан-жақты меңгергенін және ғылыми ақпараттың сенімділігін қамтамасыз еткенін көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертациялық жұмыстың әдеби шолуына қатысты **жеткілікті** деңгейде қамтылған. Автор зерттеу тақырыбына байланысты негізгі ғылыми еңбектер мен нормативтік актілерді және ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қолданған, бұл зерттеу негізінің сенімділігін және жұмыс мазмұнының толықтығын қамтамасыз етеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары деп бағаланады. Автор Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын, олардың құқықтық жүйедегі орнын жан-жақты талдап, құқықтық теорияға жаңа көзқарастар енгізген. Зерттеу нәтижелері құқық қайнар көздерінің теориялық негіздерін кеңейтіп, нормативтік қаулылардың құқықтық жүйедегі рөлін терең түсінуге мүмкіндік
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			береді. Бұл диссертация құқықтану саласындағы теориялық зерттеулерге маңызды үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы айқын көрінеді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құқық жүйесіндегі рөлін нақтылап, сот практикасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қамтиды. Алынған қорытындылар мен ұсыныстар құқық қорғау органдары мен сот институттары үшін қолданыстағы құқықтық нормаларды жүзеге асыру мен жетілдіруде тиімді құрал ретінде қызмет етуге қабілетті. Бұл жұмыстың практикалық маңыздылығы оның ғылыми жаңалығы мен қолданбалы құндылығын арттырады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар жаңа әрі негізделген деп бағалауға болады. Автор нормативтік қаулыларды қолдану тәжірибесін жетілдіру және сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған нақты, жаңашыл тәсілдер ұсынған. Бұл ұсыныстар бұрынғы зерттеулерде толық қамтылмаған немесе жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған аспектілерді қамтиды, сондықтан олардың ғылыми және қолданбалы жаңалығы айқын көрінеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы **жоғары** деңгейде. Автор ғылыми стиль талаптарын сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін жүйелі, нақты және қысынды түрде ұсынған. Терминология дұрыс қолданылған, мәтін құрылымы ғылыми еңбекке қойылатын талаптарға сай. Жұмыс тілі анық, мазмұны бірізді және дәлелді баяндалған, бұл диссертацияның ғылыми құндылығы мен оқылымдылығын арттыра түседі.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		Автор өз зерттеуінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретіндегі маңыздылығын зерттеу барысында, аталған институттың шетелдік тәжірибедегі көріністеріне кеңірек тоқталғанда, жұмыс мазмұны әлдеқайда құнды болар еді. Бұл қадам халықаралық тәжірибемен салыстыру арқылы отандық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берер еді. Аталған ескерту ұсынымдық сипатқа ие болып, пікір алуандығын білдіреді және зерттеу жұмысының жалпы оң бағасына еш әсерін тигізбейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми мақала жарық көрген. Атап айтар болсақ, Scopus және Web of science деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымдарда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5 мақала жарияланған. Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес жариялаған ғылыми мақалалары жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Бұл еңбектерде диссертацияның негізгі ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері терең талданып, нақты дәлелдермен негізделген. Мақалалардың мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмыстың негізгі бағыттарына толық сәйкес келеді және ғылыми ортада талқылауға лайықты.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ақ-Әділ Әбушахмаұлы Алайдаровтың «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының

			нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, ғылыми зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес келеді және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
PhD доктор, Қонаев Университетінің
ғылыми-зерттеу жұмыстары
жөніндегі проректоры **Бегазова Гульнаписа Жандаровна**

PhD ғылыми доктор Бегазованың қолы растайтын
ЖЗБ басш. Бақтыгүл Сауранбайқызы